

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

ЖАҒАНДЫҚ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ: ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ

Манақбай Д.Б., Тасқұлов М.С.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: damira_mb_94@mail.ru

Қазіргі таңда ХХІ ғасырда орын алып отырған жаһандану үрдісі барысында, кез келген мемлекеттің экономикасы тұрақты әрі тиімді дамуға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға, халықаралық кеңістікте бәсекеге қабілетті болу мен әлеуметті жауапты қоғам орнатуға бағытталады. Заманауи әлемдік ахуал көптеген елдердің экономикасына әсер етуші дағдарыстардың орын алып отырғанын көрсетіп келеді. Осы тұрғыда мемлекет қабылдаған саликалы саясат қана дағдарыстық жағдайдан залалсыз шығып, ілгері индустриаландыру мен инновациялық дамуға жол бастайды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2015 жылдың 30 қарашасындағы Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің ең негізгі дағдарысқа қарсы стратегиясы үш қарапайым, алайда маңызды түсініктермен: өсім, реформалар және даму барабар екендігін атап өтті. Біріншісі – бұл өсім, ең алдымен, экономикалық өсім. Ағымдағы мәселелерге қатысты біз Қазақстанның әлемнің аса дамыған отыз елі қатарына кіруін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің қарқындарын қайта қалпына келтіру қажетпіз. Екіншіден – бұл реформалар. Олар экономиканың, қоғамның және мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бізге мемлекеттік және корпоративтік менеджментті, қаржы және фискалды секторларды аса терең реформалау өмір үшін маңызды болып тұр. Үшінші – бұл даму. ХХІ ғасырда дамудың басты факторы қоғамның барлық салаларының үздіксіз модернизациялау болып табылады. Біз барлық мемлекеттік, қоғамдық және жеке институттардың Жалпыға ортақ еңбек қоғамы, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, халықтың әлжуаз таптарына бағытталған көмек қағидаларында кең ауқымды түбегейлі өзгерістер жөнінде жұмыс істеп келеміз [1].

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы өсуінің драйверлері болып инновациялық индустриаландыру шеңберінде құрылып жатқан экономиканың жаңа секторлары саналады. Көптеген өңдеуші салалар өсімді көрсетуде. Өңдеуші өнеркәсіп бес жыл ішінде 1,3 есеге артса, химиялық өнеркәсіп пен құрылыс материалдарының өндірісі 1,7 есеге көтерілді. Машина жасау өндірісі 2,2 есеге жоғарылады, ал экспорттың көрсеткіші - 3 есе. 800-ден астам индустриалдық жобалар жүзеге асырылды. Металлургия өнеркәсібі 15 пайызға өсім көрсетсе, химия өнеркәсібінде бұл көрсеткіш – 3,2 пайыз. Минералды өнім өндірісі – 3,2 пайызға жоғарылады, ал киім өндірісі – 4 пайыз. Дүниежүзілік Банк және Азиялық Даму Банкі Қазақстанда 2016 жылы экономикалық өсімнің айтарлықтай жоғары қарқынын болжап отыр. Сонымен қатар, қазақстандықтардың экономикалық мінез-құлқы да өзгерістерге ие. Ең алдымен, еңбек өнімділігі 60 пайыздан астамға дейінгі өсімді көрсетіп отыр. Бұл көрсеткіштер ақша-несие саясаты, фискалды саясат және әлеуметтік қорғау секілді мемлекеттік реттеу тетіктерінің тиімді қолданысы арқасында жүзеге асып жатқан экономикалық саясаттың тиімділігін көрсетеді [1].

Біздің экономика жаһандық дағдарыстардың негативті әсерлерін басынан кешіргеніне қарамастан, отандастарымыздың әл-ауқатын арттыру бойынша әрқашан іс-шаралар жүргізіліп келеді. Соңғы он жыл ішінде әлеуметтік салаларға мемлекеттік шығындар нақты шамада 3 есеге артты. Әлеуметтік сала мен мемлекеттік басқару саласында жұмыс бастылар саны 1,2 миллион адамнан асады. Мемлекет жәрдемақылар мен төлемдердің үлкен көлемін қамтамасыз етіп келеді. Оларды 1,5 миллионнан астам азаматтар алып жатыр [1].

Қазақстанда мемлекет - әлеуметтік жаңғырту үдерістерінің бастамашысы және басты қозғаушы күші. Бүгінде қоғамда жалпы білім беретін мектептердегі тәрбие үдерістерін аса ерте кезеңнен бастап егу, мемлекет – шетсіз шексіз донор емес, азаматтар әл-ауқатының өсуі үшін жағдай туғызатын әріптес деген ұстаным қалыптастыру маңызды. Мемлекеттің

стратегиясы әлеуметтік қорғаудан әлеуметтік прогреске бағытымен құрылады. Бұл масылдыққа жол жоқ дегенді білдіреді. Тек осындай жағдайда ғана Қазақстан қоғамы патернализм инерциясын еңсере алады. Әлеуметтік жаңғырту жолындағы айтарлықтай кедергі әлеуметтік инфантилизм секілді кең тараған құбылыс болып табылады. Оның негізінде 90-шы жылдардағы «жабайы капитализмнің» өтпелі бастапқы кезеңінде «жабысқан» еңбекке өңі айналдырылған, теріс көзқарас жатыр. Бұл игілікке жетудің алдамшы формуласы - «аз жұмыс істеп, көп табу», «ауадан ақша жасау» және тағы басқаларды абсолютке көтерді. Әлеуметтік инфантилизммен зор айтылған дәреке тоғышарлық жаңғыртудың тежегіші болуға қабілетті. Біз көп жағдайда масылдық деңгейін төмендеттік. Сондықтан Қазақстанға, әлеуметтік реформалардың көшбасшысы ретінде, өзіне бастамашылдық алып, біздің еуразиялық интеграция бойынша барлық әріптестеріміз үшін тартымды болып табылатын әлеуметтік жаңғыртудың біртұтас моделін жасау маңызды [2].

Кез келген экономиканың тиімділігі оның екі құраушыларының болуымен анықталады, олар – жеке тұлғалардың жасампаз және іскер күші және мемлекет реттейтін шаруашылық тетігінің икемділігі. Осылайша, басты назар экономикалық саясат курсы туралы емес, құралдарды таңдау, оларды қолданудың қарқындылығы мен бірізділігі туралы болып тұр [3].

Біз экономикалық және әлеуметтік жаңғырту барынша синхронды жүруі тиістігін ескеруіміз қажет. Жаңа өндірістер, білім беру мен ғылымның жаңа жүйелері, орта тапты дамыту, әлеуметтік кепілдемелерді кеңейту қазақстандықтар санасында үлкен өзгерістер қалыптастыруы тиіс. Ал бұл әлеуметтік қатынастың барлық жүйесін дер кезінде түзетуді талап ететін болады. Шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, жаңғырту үдерістері азаматтар белсенділігінің күшеюімен, олардың шығармашылық әлеуетінің ашылуымен қосарлана жүреді. Сондықтан, адамдардың өзінің құқықтары мен бостандықтарын белсенді қорғауға деген ұмтылыстары кеңейіп, қоғамның өзін өзі ұйымдастыру дәрежесі жоғарылайтын болады.

Әлеуметтік салада мемлекет сектордың алатын орны маңызды, оның ауқымы әлеуметтік саясат ауқымын анықтайды. Кеңейтілген әлеуметтік саясат әлеуметтік бағдарламаларға жалпыға ортақ қолжетімділікті, әлеуметтік төлемдердің әмбебаптылығын, мемлекет қызметін қайта бөлудің тегіс қамтитын сипатын білдіреді. Шектеулі әлеуметтік саясат оны минимумға тіреуді, әлеуметтік саланың дәстүрлі институттары толықтыруы қажет қызметті білдіреді. Әлеуметтік қорғау қағидаларының ең маңыздысына жатады бизнестің, қоғамның және мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігі жатады. Мұнда аталған институттар халықтың барлық топтарының өмір сүру іс-әрекетін қамтамасыз етуді өз жауапкершілігіне алады.

Әлеуметтік қорғау заманауи мемлекеттің ерекше әлеуметтік институты ретінде әлеуметтік сенімділіктің көрсеткіші және қоғамның әрбір мүшесінің лайықты дамуының, әлеуметтік қатерлер басталған кезде тіршілікке қажетті қаражат көздерін сақтаудың кепілі болып табылады. Бұл мақсаттарға, адамдардың қажеттеріне арналған қаржы қорының баламалылығы әлеуметтік қорғаудың өзекті мәселелерін ойдағыдай шешуде айқындаушы мәнге ие болады. Әлеуметтік үрдістерді басқаруға мүлде өзгеше көзқарастарды іздестіруге қажеттігі айдан анық.

Қазіргі таңда әлеуметтік жауапкершілік тұжырымдамасы басқару тәжірибесінде белсенді түрде пайдаланылады. Заманауи дүниедегі корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тек қайырымдылық ретінде ғана қабылданып қоймай, сонымен бірге компанияның іскерлік беделі мен капиталдануын арттыратын тиімді қызмет ретінде қабылдайды. Бұл бизнестің қоғам дамуына қосқан ерікті үлесі, оның болашаққа саналы түрде салған инвестициясы.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне жалпы алғанда мыналар жатады: қызметкерлер еңбегінің қауіпсіздігі жағдайларын жасау жұмысы; тұрақты жалақыны қамтамасыз ету, сондай-ақ оны инфляция жағдайында индексстеу және уақытылы төлеу; қызметкерлерді қосымша медициналық және әлеуметтік сақтандыру бағдарламаларын пайдалану; оқыту бағдарламалары мен мамандыққа даярлау және біліктілікті арттыру

бағдарламалары арқылы адами ресурстарды дамыту; қиын жағдайда кәсіпорын қызметкерлеріне көмек көрсету және зейнетке шыққан ардагерлерді қолдау және т.б.

Ішкі жауапкершілік аясында кәсіпорында істейтін қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мәселелері де, олардың отбасы мүшелерінің көкейкесті мәселелері мен бұрынғы қызметкерлерді әлеуметтік қамсыздандыру да жатады. Әлеуметтік жауапкершілік тұжырымдамасы шеңберінде бизнес өз қызметкеріне аталық қамқорлық көрсетуге заңды түрде қайтып оралады деуге болады, ал одан іргені аулақ салу қайта құрудың алғашқы жылдарында байқалады.

Бизнестің сыртқы әлеуметтік жауапкершілігіне: демеушілік және корпоративтік қайырымдылық; экологиялық бағдарланған технологияларды пайдалану жолымен қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдесу; аумақты дамыту жөнінде жергілікті қоғамдастықпен және жергілікті билікпен өзара іс-қимылда болу; тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы, стандартқа сай келуі үшін тұтынушылар алдындағы жауаптылық сияқты бағыттары жатқызылған. Жауапкершіліктің сыртқы аясы кәсіпорын орналасқан аумақтағы жергілікті қоғамдастығы деңгейінде және қоғам деңгейінде көрініс табады [4].

Қазақстанның әлеуметтік саясаты халықтың әл-ауқатын жақсартуға, мемлекеттік институттардың жергілікті қоғаммен тиімді өзара байланысы мен жауапкершілікке негізделгенін көреміз. Алдында атап өткендей, халықтың әл-ауқатын жақсарту, жұмыссыздықтың алдын-алу, бизнес үшін қолайлы орта қалыптастыру мемлекеттік инвестициялық, фискалдық және ақша-несие саясаттарымен тікелей байланысты. Аталған саясаттардың дұрыс әрі ұтымды жүргізілуі ұзақ мерзімді тұрақтылық пен ілгері дамуға өз септігін беретіні сөзсіз. Осы тұрғыда ақша-несие саясатын мемлекеттік реттеу маңызы мен еліміздегі оның орны туралы қарастырып кетсек.

Ұлттық шаруашылықтың тұрақты тепе-тең дамуының қажетті шарттарының бірі ақша-несие саясатын реттеудің айқын тетігін қалыптастыру саналады. Мемлекеттің ақша-несие саясаты – бизнес жүйесінің көптеген субъектілерінің егемендігін бұзбайтын, экономикаға әсер етуші өте демократиялық құрал болып табылады. Жалпылай айтқанда, ақша-несие саясаты бағалар тұрақтылығын, толық жұмысбастылықты және экономикалық өсуді қамтамасыз етуі қажет – бұлар оның ең жоғарғы және қорытынды мақсаттары.

Ақша-несие саясаты негізгі макроэкономикалық параметрлердің өзгерісіне әкеледі: жалпыұлттық табыс, инфляция, жұмыссыздық деңгейі. Бұл монетарлық әдістер арқылы экономикалық жүйеде ақша ұсынысын өзгертуі көмегімен орын алады. Ақша-несие саясатының ұлттық шаруашылық кешенінің негізгі айнымалыларына әсер ету тетігі, сондай-ақ ақша массасын арттыру мен экономика жағдайы арасындағы корреляция нәтижесі кейінгі және монетаристік теорияларда әр түрлі бағаланып, ақша билігі үшін практикалық шешім қабылдау барысында әр түрлі қолданылады.

Сәтті және келешекті даму үшін банктер, ең алдымен, өздерінің сапалық дамуына – яғни қызмет тиімділігін арттыруға қаржылық тұрақтылық деңгейі мен ішкі және халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға, сондай-ақ экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы өз рөлін нығайтуға ерекше назар аударуы керек. Ақша-несиелік реттеу көмегімен мемлекет экономикалық дағдарысты жеңілдетуге, инфляция өсімін тоқтатуға ұмтылады, бұл мақсатта мемлекет ел экономикасының әр түрлі салаларына капитал салуды ынталандыру үшін несиелерді қолданады.

Еліміздің ақша-несие тетігінің экономиканың дағдарыстан жандану мен өрлеуге күйзеліс арқылы шығуына даярлығы – ұлттық экономиканың кілт мәселесі. Өз кезегінде, бұл инфляциялық спекулятивтік курстан инвестициялар курсына, тауарлар мен қызметтер өндірісінің артуына әкелетін салаларға қызмет етуге қайта бағытталуға даярлық мемлекет пен банктердің үйлесімді әрекеттеріне байланысты. Мемлекеттік институттардың қаржы-экономикалық климатқа әсер етуінің тиімділігі бірінші ретті маңыздылыққа ие болып келеді.

Ақша-несие саясатының артықшылықтары бойынша келесі тұжырымдарды айтуға болады. Біріншіден, фискалды саясатпен салыстырғанда тез және икемді болуы. Орталық

банк және басқа қаржы-ақша саласын реттеуші органдар күн сайын құнды қағаздардың сатылымы жөнінде шешім қабылдай отырып, ақшаның жағдайы мен пайыздық ставкаға әсер етіп отырады. Ал фискалды саясат қолданысы заңнамалық мәселелер бойынша ұзақ уақытқа кейін қалдырылуы мүмкін. Екіншіден, бұл саясат саяси қысымнан алшақтатылған, әсіресе дамыған елдерді осындай үрдісті байқауға болады. Сонымен қатар, ақша-несие саясаты өз табиғаты бойынша жұмсақ және саяси қатынаста айтарлықтай қолданбалы. Саясаттың негативті жақтары туралы айтатын болсақ, құнды қағаздар саясаты банктер несиелер көлемін шеугеуіге мәжбүр болатындай резервтерді төмендеті алады. Ал бұл дегеніміз ақша ұсынысын шектеуді білдіреді. Құнсыз арзан ақшалар саясаты коммерциялық банктерге қажетті резервті қамтамасыз етуі мүмкін, алайда бұл ақша ұсынысының артуына кепілдік бермейді. Осындай ахуалда бұл саясаттың қолданысы тиімсіз болады. Аталған құбылыс циклдік асимметрия деп аталады және ол ақша-несиелік реттеуге бірқатар тосқауылдар жасауы мүмкін. Екінші теріс фактор ол ақша айналымының жылдамдығы ақша ұсынысына қарама-қарсы бағытта өзгеру үрдісіне ие, осылайша ол мемлекеттік саясаттың ақша ұсынысын реттеуі бойынша шараларға кері әсер етеді. Яғни арзан ақшалар барысында ақша айналымы төмендейді, нәтижесінде жалпы шығындар да қасқарады, ал бұл саясаттың мақсаттарына қарама-қарсы болып келеді [5].

Елімізде Ұлттық Банк 2015 жылдан бастап өз қызметтерінің ашықтығын арттыру және қоғамды ақша-несие саясатының құралдары мен шаралары туралы ақпараттандыру бойынша жөмысын жалғастырады. Жалпы, ақша-несие саясатының шараларын жүзеге асыру тұрақты ұзақ мерзімді экономикалық өсу мен мақсатты коридорда ақша инфляциясын ұстауды қамтамасыз етуге бағытталған [6].

Қорытындылай келе, мақала Қазақстан Республикасының индустриялық дамуын жетілдіру үшін мемлекеттік реттеу құралдарының, атап өтсек, әлеуметтік жауапкершілік пен ақша-несие саясатының тиімділігі, артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ қазіргі ахуалы мен даму ерекшеліктерін қамтиды.

Әдебиеттер:

1. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 30 қараша 2015 жыл // www.strategy2050.kz
2. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 кадам», 10.07.2012 // <http://www.inform.kz/kaz/article/2478341>
3. Глеуберген Е.Ж. Эффективность денежно-кредитной политики банковской системы Казахстана // Вестник КазГУ. – 2008 <http://articlekz.com/article/5360>
4. Баймұратов О. Қоғам мен экономика гармониясы (әлемдік парадигма). Оқу құралы – Алматы: «Экономика», 2013. -456б.
5. Мырзалиев Б.С. Государственное регулирование экономики. Оқу құралы: Алматы: «Нұр-Пресс», 2007. – 522 б.
6. Основные направления денежно-кредитной политики Республики Казахстан на 2015 год // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31671157

МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕСТІҢ СЕРІКТЕСТІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Умарбекова А.Ж.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: umarbekova_azh@mail.ru

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстанның жаңа саяси бағыттарының бірі «ұлттық экономикамыздың жетекші күші –